<b>Серуен</b>	<p><b>Бақылау:</b></p> <p>«Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау. Теректің қысқа таман жапырақсыз тұратынын түсіндіру. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа</p>	<p><b>Бақылау:</b></p> <p>Бұлтты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр) кеңейту. Табиғат құбылыстары: жел, бұлт, жаңбыр - туралы ұғымдарын кеңейту; осы құбылыстар арасындағы себеп-салды байланыстарды анықтауға көмектесу; ақыл-ой, қиялды, байланыстыра сөйлеуді дамыту. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді.</p>	<p><b>Бақылау:</b></p> <p>. Қыстайтын құстарын бақылау. Көгершін (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау. Қыстайтын құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.</p>	<p><b>Бақылау:</b></p> <p>«Өнелегі тәрбие». «Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушының еңбегімен таныстыру, қызметі маңызын түсіну. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p>	<p><b>Бақылау:</b></p> <p>Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Балаларға күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ</p>
---------------	--	--	--	--	--

<p>райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p>Көк терек-ау, көк терек,</p> <p>Суықта жаның – шүберек.</p> <p>Қалайша өңің кеткен? Жапырақтарың түскен.</p> <p>Жаланаң тұрсың, бозарып,</p> <p>Ұшқан желге ұзарып.</p> <p>Ызғарлыға тоңбайсың ба?</p> <p>Жалғыздықтан тозбайсың ба? (Д. Ахметова)</p> <p>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік».</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ересекке ауланы тазалауға көмектесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> <p>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Еңбек құралдарын</p>	<p>Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады.</p> <p>Абдрахман Асылбек "Бұлт"</p> <p>Көрген сайын аспанда Ала шарбы бұлтты, Әжем түткен ақшамда Елестетем түбігті.</p> <p>Жан-жануар, аңдардың Кейпіне де келеді.</p> <p>Кейде ақсақал шалдардың Бейнесін де береді.</p> <p>Бірде үйіріп қамшысын,</p> <p>Қабағын тарс түйіп кеп,</p> <p>Тасырлатып тамшысын,</p> <p>Жібереді құйып кеп.</p> <p>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік».</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды тазарту. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> <p>Шамасы келетін</p>	<p>"Көгершін".</p> <p>Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін,</p> <p>Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін.</p> <p>Сөйтіп, қолға үйренсін.</p> <p>Бұл есті құс тіл алғыш Үйренген соң көрерсің.</p> <p>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік».</p> <p>Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> <p>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құстарға жақындамаулы қадағалау.</p> <p>"Мысық пен тышқандар" ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда</p>	<p>Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі).</p> <p>Қауісіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.</p> <p>А. Мендібай "Аула тазалықшысы".</p> <p>Балабақша ауласында, Көмектесем мен де оған,</p> <p>Таң атқаннан кешке дейін,</p> <p>Жинап қоқыс, қағаздарды.</p> <p>Тынбай еңбек ететін Құрметтеймін, қадірлеймін,</p> <p>Бар тазалық сақшысы. Еңбексүйгіш адал жанды.</p> <p>Ауланы да тазалайды, Ағашты да бұтайды.</p> <p>Су себеді гүлдерге де, Шаршамайды, тынбайды.</p> <p>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене</p>	<p>халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>Алаңда дұрыс қозғала білуді, бір-бірлеріне кедергі жасамауды, дабылға жылдам назар аудару білуді жетілдіру.</p> <p>"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.</p> <p>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды.</p> <p>Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей,</p>
--	---	---	---	---

<p>қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойыны.</p> <p>«Ақсерек – көксерек». (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>– Ақсерек-ау, ақ серек, Бізден сізге кім керек. – Ақсерек-ау, ақ серек, Сізден бізге ... (бала аты) керек.</p> <p>«Кім жаңғақты қағып алады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p>	<p>жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жаса.</p> <p>Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>«Аңшылар мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды дербестік танытуға баулу, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт</p>	<p>физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту.</p> <p>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>Белгі бойынша қимылдауға дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Жағалаудан жағалауға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша белгілі бағытта жылдам жүгіру техникасын дамыту.</p> <p>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытуға баулу. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>Жүгіруде қауіпсіздікті қадағалау.</p> <p>«Кім жаңғақты қағып алады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. 1,5 метр қашықтықта тігінен</p>	<p>тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Санамақ арқылы жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: аула сыпырушыға көмектесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> <p>Балалардға ересектерге көмектесуді үйрету.</p> <p>Еңбектенуге құштарлықтарын дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».</p> <p>Қазақ халқының қимылды ойыны.</p> <p>«Түйілген орамал» (дене тәрбиесі, қазақ тілі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>	<p>соғылмай, жылдам жүгіреді</p> <p>Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті.</p> <p>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, кімнің көп балық ұстағанын анықтайды.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.</p> <p>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік».</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ересекке ауланы тазалауға көмектесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)</p> <p>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>«Кім жаңғақты қағып алады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыруға үйрету; шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.</p>
---	--	--	--	--

<p>Мақсат-міндеттері. 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыруға үйрету; шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.</p> <p>"Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен ойындар: «Желбезекпен ойын». (дене тәрбиесі) Қолайлы жағдай жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу.</p>	<p>қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Оқтау тартыс». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған</p>	<p>қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыруға үйрету; шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.</p> <p>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік».</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ересекке ауланы тазалауға көмектесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>Өз бетімен ойындар. Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа). (дене тәрбиесі) Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, тату</p>	<p>Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды.</p> <p>«Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту.</p> <p>"Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам</p>	<p>Өз бетімен ойындар. (дене тәрбиесі) «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру.</p>
---	--	---	---	---

		материалмен ойындар. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.	ойнауларын қадағалау.	жүгіре білу қабілеттерін дамыту.  Өз бетімен ойындар. Доппен ойын. (дене тәрбиесі) Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу.	
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу.</p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей.</p> <p>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, сауықтыру-шынықтыру шаралары.)</p> <p>Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз!</p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	"Алтын балық" ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алдар көсенің сиқырлы шапаны»	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып беру. (тіл	Өз төсек орнын тауып, жатуды үйренеді. ««Сауысқан мен көкек» ертегісі» ертегісін оқып беру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)

		ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Айым болып тудың ба». (музыка)	дамыту және көркем әдебиет)	
<b>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. (дене тәрбиесі, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларды ақырын (сипап, көркемсөз, музыканы қосу арқылы) ояту. Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшін "денсаулық" (қабырғалы) жолдармен жалаң аяқ жүру, аяқтарды уқалау, аяқтың бұлшықеттерін, денсаулықты нығайту, денені тік ұстауға тәрбиелеу; тыныс алу жолдарын шынықтыру. Домала, доп, домала (екі қолды айналдыру) Балшыққа тек жолама (сұқ саусақпен ескерту жасау) Жек көремін оныңды (сұқ саусақты оң және сол жаққа қозғау) Бүлдіресің қолыңды (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру) Секіріп өт ордан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Қуса күшік жетпесін (баяу жүгіру) Мәшине басып кетпесін (мәшиненің рулін айналдыру) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Көркемсөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап</b>	<p>Дидактикалық ойын. "Сиқырлы сөздер". (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға, зейін, ойлау</p>	<p>«Вагондарға дөңгелек таңдау» жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді ажыратуды,</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Кім (не) алғашында не немесе кім болды?" (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қоршаған заттар,</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» (қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме</p>	<p>"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру. Сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы. Педагог балаларға допты</p>

<p><b>қарау және басқалары)</b></p>	<p>қабілетін дамыту. Педагог кез келген сөзді айтады, балалар жақсылап ойланып, сол сөзге ұқсас сөзді айтуы қажет. Мысалы: қасық - асық, тал - тау, тар - қар, алақан - алақай. Математика негіздері "Еркежан әже қонаққа келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды бірінің үстіне бірін қою, жұптастыру арқылы салыстыру, тәсілдерін меңгерту; "жоғарыда - төменде", "біреу - көп" ұғымдарын бекіту; әртүрлі белгілері бойынша заттарды топтастыру.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; ереже бойынша әділ ойнауға үйрету; дене координациясын,</p>	<p>олардың қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.</p> <p>Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз". (дене тәрбиесі, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарымен эмоциялармен бөлісуге, қарапайымдылыққа, мейірімділікке және</p>	<p>құбылыстар туралы ұғымдарды бекіту. Сөздік қорды байыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды нақтылы айтуға баулу. Ойлауды дамыту, сөздікті кеңейту, істің соңын бекіту. Тауық - жұмыртқа. Нан - ұн. Жылқы - құлын. Шкаф - тақтай. Сиыр - бұзау. Велосипед - темір. Көйлек - мата. Балық - жұмыртқа. Етік - тері. Алма ағашы - тұқым. Үй - кірпіш. Күшті - әлсіз. Көбелек - құрт. Ересек - бала.</p> <p>«Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) Мақсат-міндеттері. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге,</p>	<p>ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету.</p> <p>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балалардың достық туралы ұғымдарын тиянақтау; көркемсөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру Д. Бұланбаева, "Достық деген не?" Педагог асықпай, өлеңді мәнерлеп оқиды. Топ ішінде бірге ойнаған, Достарыммен біргемін. Бөлісіп бар ойыншықпен, Жан сырын да білгенмін.</p> <p>Достарменен бірге жүрсен, Жақсы әуен тынбасын. Қара бұлтта сейіледі, Дос жүрегін тындасаң.</p> <p>Достарменен қол</p>	<p>кезекпен лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қалай дыбыстайтынын айту керек. Сиыр мөңірейді. (Мө - мө) Жолбарыс ақырады. (Ырр-ырр) Жылан ысылдайды. (Ысс-ысс) Маса ызындайды. (Ызз-ызз) Ит үреді. (Ап-ап) Қасқыр ұлиды. (Уу-уу) Мысық мияулайды. (Мияу-мияу) Шошқа қорсылдайды. (Қорс-қорс)</p> <p>«Аналар мектебі». «Өнегелі тәрбие». табиғат бұрышындағы еңбек әрекеті: "Бөлме өсімдіктерін жуу". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, суару, жапырақтарын жуу; суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; бөлме өсімдіктері туралы ойларын нақтылау. Жабдықтар: су бүркегіштер, сорғыштар, мата шүберектері, тегенелер, төсеніш, су құйғыш, алжапқыштар.</p>
-------------------------------------	---	--	--	---	---

	<p>кеңістікті бағдарлау қасиеттерін дамыту; жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу; үйлесімді қимылдарды жасауға ынталандыру; ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.</p> <p>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.</p> <p>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.</p> <p>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.</p>	<p>жанашырлық танытуға, әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ әрекетті қолдауға, әділетсіз әрекетті мойындауға (кешірім сұрауға), әділ пікірін білдіруге баулу, әділдікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы.</p> <p>Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады.</p> <p>Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану, әйгілі әнді бірігіп айтуды ұсыну.</p>	<p>ұстассаң, Ешқашан қор болмайсың. Ұқсағың кеп жан досыңа, "Кең мұнара" салғайсың.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бес тас" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>	
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Жарас Заңғар Шаттық Самида</b> Дидактикалық ойын. «Сөзді өзгерт». (тіл дамыту және көркем әдебиет) Педагог:</p>	<p><b>Бейбітбек Димаш Талғат Медина</b> Дидактикалық ойын. «Қай қолымда көп?». (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p><b>Жаңабай ерасыл Рахметулла Сафия ап</b>" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p><b>Қалдыбай Алинұр Ербол Елдар</b> Дидактикалық ойын «Сипаттамасы бойынша тап». (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту</p>	<p><b>Еркін Еркеназ Дүкенбай Ақсұлу</b> "Кім қайда тұрады?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың</p>

	<p>- Балалар, «Қыс» деген сөздегі соңғы «-с» дыбысын алып тастап, орнына «-з» дыбысын қойсақ қандай сөз шығады? Сөздегі бір дыбысты өзгерткенде сөздің мағынасы өзгеріп кететіні туралы түсінік береді. «-с» дыбысына аяқталатын сөздерді айтады, «-с» дыбысының орнына «-з» дыбысын қойып, сөзді өзгертіп айтуды ұсынады.</p> <p>- Жас- ... (жаз). - Қас- ... (қаз). - Түс- ... (түз). Қыз, қыр. Жаз, жақ. Қаз, қар. Түз, тас.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар: моншақтар, түймелер. Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала қолда саны көп зат барын, қай қолында саны аз зат барын анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Есте сақталатын заттарды салыстыра білуді дамыту, олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: сюжеттік карталар. Сипаттама: 2-3 минут ішінде балаға карточкасын көрсету. Содан кейін оған басқа кейбір заттар немесе әрекеттер жоқ немесе ауыстырылған екінші картаны ұсыныңыз. Бала не өзгергенін анықтауы керек.</p>	<p>және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Заттарды өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу. Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлар және құстардың ойыншықтары. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтайды, оның атыауын айтады. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.</p>	<p>көру қабілетін, зейінін дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: әртүрлі жануарлардың "отбасылары" мен олардың үйлерінің суреттері, ретсіз тәртіпте берілген жануарларды үйлерімен байланыстыратын сызықтар салынған суреттер. Сипаттама: сызықтар бойынша қарындашты өткізбей, кімнің үйі қайда екенін анықтау керек.</p>
--	---	--	---	---	--

**Серуенге дайындық** (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)

«Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.

«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).

<b>Серуен</b>	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие».	Желдің соғуын	«Қауіпсіздік», «Экологиялық тәрбие».	«Экологиялық тәрбие», «Өнегелі тәрбие».	«Қауіпсіздік». «Экология». Кешкі уақыттағы күнді бақылау.
---------------	--------------------------------------	---------------	--------------------------------------	---	---

<p>Қарағашты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау. Қарағаштың қысқы уақытта жапырақсыз болғанын түсіндіру. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Қарағашты неге солай атайды? Суық пен ыстықта ағаш неге солмайды? Қарағаштың діндегі Әжемнің әжіміндей, Қарағаштың тамыры Тарайды өрімдей. Суық пен ыстыққа қарағашым-ай төзеді, Бұтақтарын жан-жаққа жайып өседі.</p>	<p>бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды) анықтау. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел) кеңейту. Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желде ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. «Жел туралы жұмбақ» Д. Ахметова Шаңдатып, шашыратып топырақты,</p>	<p>Қыстайтын құстарын бақылау. Қарға (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау. Қыстайтын құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. "Қарға". Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса, қор болар, Бұтаға келіп қорғалар. Қысып кетсе сары аяз, Көзден жасы сорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Қапелімде қолға алар. Екі шоқып бір қарар, Дөп «жолымды аңғарар». «Бермеймін» қимылды</p>	<p>Қайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау. Қайыңның қысқы уақытта жапырақсыз болғанын түсіндіру. Марфуға Айтқожина "Ақ қайыңдар" Ақ қайыңдар алқаптарды алқымдап, Кешкі арай жатыр шынды алтындап. Самал желмен желпінеді тау тұтас, Бой жазып бір таза ауада салқындап. «Бос орын» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық,</p>	<p>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Күннің кешкі уақытта төмен түсіп, батып, түннің басталуына ықпал ететінін түсіндіру. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопенканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Мағжан Жұмабаев Алтын күн батып барады, Күйдіріп көктің жиегін. Күн туралы мақал-мәтелдер: – Соқырға күн де қараңғы, түн де қараңғы. – Батар күннің атары бар. «Қарғалар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға</p>
--	--	---	--	---

<p>"Шыда, шыда" - деседі ол жолаушыға, Көлеңкесін дарып, пана беріп сұраушыға. (Д. Ахметова)</p> <p>«Тепе-теңдікті сақтап жүрейік» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, сызықтардар бойымен және заттардан аттап өту техникаларын жетілдіру; қимылдарды үлестіруді үйрету.</p> <p>Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды</p>	<p>Шайқап бұтақты, желпілдетіп жапырақты, Ұшып келді көзге көрінбейтін кейіпкер. Танысаң, бұл құбылыс ... (Жел). Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын.</p> <p>«Өз үйіңді тап» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру.</p> <p>«Кім жаңғақты қағып алады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 1,5 метр қашықтықта</p>	<p>ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылдар қасиеттерін: шыдамдылықты, күшті дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады.</p> <p>«Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды</p>	<p>дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік, шапшандық) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>«Кім жаңғақты қағып алады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыруға үйрету; шапшандыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.</p> <p>Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру</p>	<p>баулу. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>«Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту.</p> <p>Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда</p>
---	---	--	--	--

<p>ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p>	<p>биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыруға үйрету; шапшандыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.</p> <p>Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)</p> <p>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.</p> <p>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты</p>	<p>адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.</p> <p>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p>	<p>құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Балаларды ойыншықтарға ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p>	<p>тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p>
--	---	---	---	--------------------------------------



<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын</p>	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын</p>	<p>(музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан,</p>	<p>(музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан,</p>	<p>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.</p>
--	--	---	---	---

	дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.	дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.	«лего» конструкторлардан құрастыру.	«лего» конструкторлардан құрастыру.	
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	«Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру» тақырыбына әңгімелесу.	Баланың өздігінен орындайтын жұмыстары туралы әңгімелесу.	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	"Бала - біздің айнамыз" тақырыбында әңгімелесу.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бір апталық жұмысы туралы әңгімелесу.

Тексерілді:



## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: Ақбота бөбекжай-бақшасы

Топ: ересек топ «Құлыншақ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **24.11 - 28.11.2025ж.**

Педагогтің аты-жөні: Шорабекова С. Елеукулова Ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт-махаббат жолына түсті! (Әлихан Бөкейханов)</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.  «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	«Жаңа жылдық шырша» көрмесі.	Кеңес беру. «4-5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы».	«Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру.	«Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасында оқитын тақпақтарын беру, ата-аналармен мерекені өткізу туралы әңгімелесу.	"Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме.
<b>Балалардың іс-әрекеті</b>	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Шешіну	«Өнегелі тәрбие» Еңбек:	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтарды	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие»

<p><b>(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</b></p>	<p>өсімдіктеріне күтім жасау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.  «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Д. Ахметова, "Қатарға тұрып билейік"</p>	<p>бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім және аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, тәртіп сақтауды үйрету. Ұжымда тату-тәтті еңбектенуге үйрету.  «Бір кітап» Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тындалған шығарманың, мазақтама мазмұнын қайталап, есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; халық ауыз әдебиетіне, көркемсөзге</p>	<p>"Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу.  Дидактикалық ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының</p>	<p>тәртіпте ұстау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу: алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды (қажет болғанда, жуу, кептіру) сүрту және орнына қою. Тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.  «Суреттер құрастыру». (қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету,</p>	<p>Еңбек: "Бөлме өсімдіктерін суару". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Өсімдіктер, оларға күтім жасау (суару) туралы, өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігі туралы түсініктерді анықтау, дамыту; су құйғышпен суару тәсілдерін бекіту; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; еңбек дағдыларын дамыту; қамқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.  «Заттарды салыстыру». (матерматика негіздері) Мақсат-міндеттері. Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.  Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.</p>
--	--	--	--	---	--

<p>жаттығуы. (дене тәрбиесі, тіл дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту, жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зеректік қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуенжазбасын қосып өткізуге болады. Қатарға тұрып билейік, Дене мүшелерін көрсетейік: Басты оңға және солға бұрып, Қос иықты көтерейік.</p> <p>Қатарға тұрып билейік, Дене мүшелерін көрсетейік: Жоғары қол көтеріп, Бұлғап төмен түсірейік.</p> <p>Қатарға тұрып билейік,</p>	<p>қызығушылықты арттыру. "Мақтаншақ" Әй, мақтаншақ, мақтаншақ! Оянғаннан жатқанша, Жатқаннан таң атқанша Мақтанасың мақтаншақ. Қояр ма еді құлыптап, Ауызыңды бір жапқан шақ! Үстел үсті ойыны. "Логикалық ойын". Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту. (танымдық дағдылар)</p>	<p>мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту. "Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Қоршаған әлемдегі объектілер мен құбылыстар туралы, өсімдіктердің, жануарлардың, заттардың жіктелуі туралы, геометриялық пішіндер туралы білімді тиянақтау; заттарды атауда қазақ тіліне тән дыбыстарды нақтылы айтуға ынталандыру; ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>	<p>әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту. Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.</p>	<p>Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: балалар әртүрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке. Кең - тар. Биік - аласа. Үлкен - кішкентай. Ұзын - қысқа . Ұғымдарын үйрету.</p>
---	---	---	--	---

	Дене мүшелерін көрсетейік: Аяқты кезек көтеріп, Маршпен шапалақтап жүрейік.				
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға, солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату. 3.2. Содан кейін ұшымен топылдату.	Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға, солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату. 3.2. Содан кейін ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа	Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға, солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату. 3.2. Содан кейін ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа	Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға, солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату. 3.2. Содан кейін ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа	Жалпы дамыту жаттығулары (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға, солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату. 3.2. Содан кейін ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа келу.

	3.3. Бастапқы қалыпқа келу.	келу.	келу.	келу.	
<b>Таңғы ас</b>	<p>Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды, асты төкпей-шашпай жеуді үйретуді жалғастыру. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досындай Су дегенім осындай. Таза жүрсек әрдайым, Жақсы болар жағдайың.</p>				
